



18/1-187 02.06.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2026 ж.

**"ОҚМА" АҚ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕРДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БАСЫП
ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Е 430-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		төртінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026	
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 2- беті	

1 «ОҚМА» АҚ оқу-әдістемелік орталығы ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

2 «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 3- беті

МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
2. БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	6
4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	10
5. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	10
6. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	12
7. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕРДІ ДАЙЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	13
8. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ БАСЫЛЫМДАРЫН ДАЙЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	16
9. ОҚУ БАСЫЛЫМДАРЫН ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ.....	17
10. ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	20
11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ.....	20
А ҚОСЫМШАСЫ.....	22
Б ОСЫМШАСЫ.....	23
В ҚОСЫМШАСЫ.....	24

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық	Е 430-2026	
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 4- беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже келесідей нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27.07.2007ж. №319-III.

- ҚР БҒМ "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

- ҚР БҒМ "Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" 2011.04.20 №152 бұйрығы;

- ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» 2022 жылғы 4 шілдедегі №ҚР ДСМ-63 бұйрығы.

- "Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығы;

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы

- «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы.

- ГОСТ Р 7.0.1-2003 Ақпарат, кітапхана және баспа бойынша стандарттар жүйесі. Басылымдар. Авторлық құқықты қорғау белгісі. Жалпы талаптар мен рәсімдеу ережелері

- ГОСТ Р 7.0.83-2013 Ақпарат, кітапхана және баспа бойынша стандарттар жүйесі. Электрондық басылымдар. Негізгі түрлері және шығу мәліметтері

- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;
- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026
- ISO 9000:2015 - Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.
- ISO 9001-2016 - Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.
- СТ 002-2024 - Ішкі нормативті құжаттарды басқару
- СТ 004-2024 - Қызметтік құжаттарды басқару
- СТ 007-2024 - Жазбаларды басқару
- СТ 009-2024 - Жақсартуды жоспарлау
- СТ 010-2024 - Басшылық тарапынан талдау
- СТ 020-2024 - Ішкі аудит
- СТ 021-2024 - Сәйкессіздіктерді басқару, түзетуші әрекеттер

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 5- беті

- СТ 023-2024 - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары
- Е 272-2025 - «ОҚМА» АҚ құжатталған ақпараттарын рәсімдеу ережесі.

2 БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта келесідей қысқартулар мен белгілер қолданылды:

АҚ	- Акционерлік қоғам
АЖ	- Академиялық жұмыстар
ӘК	- Әдістемелік Кеңес
ӘОЖ	- Әмбебап ондық жіктеу
ББ АҚ	- Білім беру бағдарламаларының Академиялық комитеті
«ОҚМА»	- «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы»
КБЖ	- Кітапханалық-библиографиялық жіктеу
КАО	- Кітапханалық ақпараттық орталығы
ҚР МЖМБС	- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҚР ДСМ	- Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі
ҚР ҒжЖБМ	- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР СТ	- Қазақстан Республикасының стандарты
ОН	- Оқыту нәтижелері
ОЖЖ	- Оқу жұмыс жоспары
ОӘӘ	- Оқу-әдістемелік әдебиет
ОӘО	- Оқу-әдістемелік орталық
ПОҚ	- Профессор-оқытушылар құрамы
РОӘК ОӘБ	- Республикалық оқу-әдістемелік Кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігі
СМЖ	- Сапа менеджмент жүйесі
ТАЖ	- Тегі, аты-жөні
ҮОБ	- Үлгілік оқу бағдарламасы
ХБЖ	- Халықаралық бірліктер жүйесі
ISBN	- Кітап өнімдерін халықаралық стандарттау белгісі
PhD	- Философия докторы (академиялық) дәрежесі
ЖИ	- Жасанды интелект

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 6- беті

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құжатта келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылды:

Автор	- шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындылары, оның ішінде оқу және/немесе әдістемелік материалдар жасаған жеке тұлға.
Авторлық ұжым	- оқу әдебиеттерін бірлесіп дайындау және басып шығару үшін бірлескен авторлар ретінде әрекет ететін топ (Бадамнан аспайды). Авторлық ұжым ұсынылған әдебиеттердің сапасы үшін ортақ жауапкершілікте болады.
Шығарылымның қайталануы бойынша басылым түрлері:	-бірінші басылым - бірінші рет шыққан басылым; -толықтырылған басылым - жеке тараулар, бөлімдер, абзацтар, иллюстрациялар түріндегі толықтыруларды қамтитын қайта шығару; -қайта қаралған басылым - мәтін толығымен немесе оның едәуір бөлігі алдыңғыға қарағанда өзгертілген қайта шығарылуы.
Қосымша әдебиеттер	- оқулық пен оқу-әдістемелік кешен жиынтығына кірмейтін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (бұдан әрі – ҚР МЖМБС), үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын іске асыруға ықпал ететін басылымдар.
Баспа	- баспа өнімдерін дайындауды және басып шығаруды жүзеге асыратын кәсіпорын.
Оқулықтардың, оқу-әдістемелік әдебиеттердің мониторингі	-оқу үдерісіне оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды енгізу нәтижелері бойынша ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тарату.
Баспа парағы	-баспа қағаз парағының бір жағының ауданына тең басылым көлемінің өлшем бірлігі.
Әзірлеуші	-оқу әдебиетінің мазмұнын жобалаумен, баяндаумен және ресімдеумен айналысатын жеке немесе заңды тұлға.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 7- беті

Жұмыс оқу жоспары	- жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасы және білім берушілердің жеке оқу жоспарлары негізінде дербес әзірленетін оқу құжаты.
Оқыту нәтижесі	- білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру бойынша алған, көрсеткен, қалыптасқан құндылықтар мен қатынастарды бағалаумен расталған білім, білік, дағды көлемі.
Оқулық	- ҚР МЖМБС, үлгілік оқу жоспарына, үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келетін және оқу басылымының осындай түрі ретінде ресми бекітілген оқу пәнінің жүйелендірілген баяндамасын қамтитын оқу басылымының түрі.
Оқу әдебиеті	- білім беру, сондай-ақ рухани-адамгершілік және тәрбиелік мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, қабылданған оқу басылымдарының барлық түрлерін жеке-жеке және (немесе) олардың жиынтығын қамтитын әртүрлі білім салаларының баспа туындылары.
Оқу құралы	- оқулықты толықтыратын және/немесе ішінара алмастыратын оқу ақпараты бар басылым, онда бағдарламалық материал авторлық түсіндіруде таңдамалы түрде баяндалады, бірақ бұл ретте пән бойынша немесе оқу жұмысының түрлері бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын көрсетеді
Оқу-әдістемелік құрал	- білім алушылардың техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруін қамтамасыз ету үшін оқу пәнін, оның бөліктерін немесе/және жекелеген тақырыптарын (бөлімдерін) оқыту немесе зерделеу әдістемесі бойынша материалдарды қамтитын оқу басылымы
Ғылыми кеңес	- ұйымның алқалы басқару органы
Оқулықтарды, ОӘӘ сараптау	- оқулықтар мазмұнының, оқу-әдістемелік әдебиеттердің ҚР МЖМБС талаптарына,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		СOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 8- беті

	үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларына, оқу әдебиетіне қойылатын қазіргі заманғы әдіснамалық, дидактикалық және әдістемелік талаптарға, аударылған оқу басылымдарының мазмұнның түпнұсқаға сәйкестігін бағалау
Баспа оқулығының электрондық нұсқасы	- оқулықтың баспа нысанының құрылымы, мазмұны және көркемдік безендірілуі бойынша сәйкес келетін электрондық басылым
Оқулыққа электрондық қосымша (бұдан әрі – ЭҚ)	- мультимедиялық элементтерді, практикалық және бақылау жұмыстарын пайдалана отырып, оқулықтың мазмұнын кеңейтетін және/немесе толықтыратын электрондық интерактивті Оқу материалы
Электрондық оқулық	- мемлекеттік білім беру стандартының талаптары мен негізгі дидактикалық бірліктеріне толық сәйкес келетін білім беру пәні бойынша негізгі оқу электрондық басылымы
Электрондық оқу басылымы	- электрондық жеткізгіштердегі немесе цифрлық білім беру платформаларында орналастырылған оқу ақпаратының цифрлық жазбасы болып табылатын басылым. Электрондық оқу басылымдары электрондық оқулықтар мен электрондық оқу құралдарына бөлінеді
Электрондық оқу құралы (электрондық оқу)	- әдістемелік кешен, бейне -, аудио – материалдар, цифрлық білім беру ресурстары, виртуалды зертханалар және басқалар) - электрондық оқулықты толықтыратын оқу пәнінің бөлімдерін қамтитын электрондық оқу құралы. Электрондық оқу құралының мазмұны білім беру бағдарламасының талаптары мен мазмұнына сәйкес болуы тиіс
Электрондық оқу құралы (электрондық оқу-әдістемелік кешен, бейне -, аудио-материалдар, цифрлық білім беру	– электрондық оқулықты толықтыратын оқу пәнінің бөлімдерін қамтитын электрондық нұсқаулық. Электрондық оқу құралының мазмұны білім беру бағдарламасының талаптары мен мазмұнына сәйкес болуы тиіс

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 9- беті

ресурстары, виртуалды зертханалар және басқалар)	
Электрондық оқулық, оқу-әдістемелік кешен және оқу-әдістемелік құрал	- оқытуды автоматтандыруға және білімді бақылауға арналған және оқу курсына немесе оның жекелеген бөліктеріне сәйкес келетін, оқу жұмыстарының әртүрлі түрлерін қамтамасыз ететін электрондық басылым
Академиялық адалдық	-бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.
Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:	-адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу; -әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау; -жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау; -сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру; -құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау; -ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.
Жасанды интеллект	-адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.
Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы	-нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.
Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі	- ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық	Е 430-2026	
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 10- беті

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Әдістемелік кеңесте (бұдан әрі - ӘК) бекіту үшін ұсынылатын оқу әдебиеттеріне қойылатын талаптар туралы Осы Ереже "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" Акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "ОҚМА" АҚ) сапа менеджменті жүйесінің (бұдан әрі - СМЖ) ішкі нормативті құжаты болып табылады және оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу, сараптама жүргізу және басып шығарудың бірыңғай тәртібін айқындайды.

Осы ереже бойынша барлық жұмыстарды академиялық жұмыстар жөніндегі Проректор бақылайды. Ереже талаптарының орындалуына Оқу-әдістемелік орталық (бұдан әрі - ОӘО) жауапты.

Ережені оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында оқу басылымдарын әзірлеу үрдісіне қатысатын "ОҚМА" АҚ барлық қызметкерлері орындауға міндетті.

Осы құжат «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаты болып табылады және басқа тараптарға көрсетуге тиісті емес, сертификаттау органдарының аудиторлары сапа менеджменті жүйесінің тексеру жүргізу кезінде, сондай-ақ серіктестес - тұтынушыларға (олардың талаптары бойынша) бірінші басшысының рұқсатымен беріледі.

ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

5 ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Басылымға қабылданатын оқу әдістемелік әдебиеттер басылымдарына оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар/нұсқаулар, анықтамалық құралдар және оқу-әдістемелік құжаттаманың басқа түрлері жатады. Оқулықтың (оқу құралының) атауы және негізгі тараулары (тармақтары) монографиялық болмауы тиіс.

5.2 Оқулық пән бойынша білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз етуі керек. Оқулықтың материалы білімді игерудің педагогикалық және психологиялық заңдылықтарын ескере отырып, оқуға ыңғайлы түрде ұсынылуы керек.

Оқулықта пәннің УОБ-ның барлық мәселелері қамтылуы тиіс.

Оқулық үшін материалды таңдау кезінде кездейсоқ фактілерді алып тастау керек, ең типтік құбылыстарды қарастыру керек. Бастысы негізгі нақтыдан

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 11- беті

ажырату, маңызы бар оқу материалын қосу, бүкіл презентация төңірегінде құрудың өзегін бөліп көрсету.

Оқулық үшін материалды таңдау кезінде жүйеліліктен басқа, басқа дидактикалық принциптердің – білімнің негізділігі, сенімділігі мен инвариативтілігі, тұтастығы, кәсібилігі орындалуын қамтамасыз ету қажет.

Оқулықтардың авторы (авторлық ұжымы) пәнаралық байланыстарды, оқыту практикасында тек осы пән бойынша ғана емес, сонымен қатар мамандықтың барлық негізгі пәндері бойынша үздіксіз дайындықты жүзеге асыру мүмкіндігін ескеруі керек.

5.3 Оқу құралы пәннің теориялық материалын ұсынуға арналған. Оқу құралдарының түрімен пәннің оқу бағдарламаларына және оқу құралының мәртебесіне сәйкес келмейтін монографияларды, очерктерді және басқа да жұмыстарды жариялауға жол берілмейді. Нұсқаулық түпнұсқа материал бойынша жазылуы мүмкін және осылайша авторлық болып табылады.

5.4 Оқу-әдістемелік құралда оқытылатын оқу пәнін оқыту әдістемесі бойынша теориялық материалдар да, материалдар да баяндалуы тиіс.

5.5 Дәрістер кешенінде / дәрістер тезистерінде пәннің дәріс курсының теориялық материалдары баяндалуы тиіс. Дәрістер кешені дәстүрлі түрде де (қағаз түрінде) де, электронды түрде де ұсынылуы мүмкін. Дәрістің құрылымы мыналарды қамтуы керек: дәрістің атауы, мақсаты, негізгі сұрақтары, дәрістің қысқаша мазмұны және бақылау сұрақтары.

5.6 Практикалық сабақтардың, зертханалық жұмыстардың әдістемелік нұсқауларын жоспарлау кезінде жетекші мақсатпен қатар теориялық ережелерді растау қажет екенін ескеру қажет – тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда кәсіптік практикалық даярлықтың бір бөлігін құрауы мүмкін түрлі аспаптармен, қондырғылармен, зертханалық жабдықтармен, аппаратурамен жұмыс істеудің қажетті практикалық іскерлігі және дағдылары, сондай-ақ зерттеу дағдылары (байқау, салыстыру, талдау, тәуелділіктерді белгілеу, қорытындылар мен жалпылау жасау, зерттеуді өз бетінше жүргізу, нәтижелерді ресімдеу) қалыптастырылады. Тапсырмалардың құрамы бөлінген уақыт ішінде оларды білім алушылардың көпшілігі сапалы орындай алатындай есептеумен жоспарлануы тиіс.

5.7 ОӘӘ талаптары:

- *Құрылымдау:* логикалық құрылымдалған, тақырыптар мен ішкі тақырыптарға нақты бөлінуі керек; мазмұны дәйекті болуы керек.

Материалдың сапасы мен толықтығы: Барлық материалдар өзекті және заманауи ғылыми деректер мен әдістерге сәйкес болуы керек. ОӘӘ мәтіні қажет болған жағдайда мысалдар мен иллюстрациялармен толық көрсетілуі керек. ОӘӘ-де автор қолданатын терминологияны, тұжырымдамалар мен ұғымдарды ашу. Пәнді мазмұндау және сауатты ресімдеу ерекшелігі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 12- беті

- *Қол жетімділік және түсініктілік:* ОӘӘ материалдары білім алушыларға қол жетімді және оңай қабылдануы керек. Тұжырымдаманың шамадан тыс күрделілігінен аулақ болу маңызды.

6 ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 **Электрондық оқулық** - бұл пән бойынша ақпарат мәтін, сурет, бейне, аудио, анимация және басқа да графикалық құралдар түрінде ұсынылатын электронды оқу курсы.

6.2 Электрондық оқулықта online және offline нұсқасы болуы мүмкін. Ол CD-дискіге немесе басқа тасымалдағышқа жазылуы немесе веб-сайтта орналастырылуы мүмкін. PDF, DOC, EPUB, FB2 форматындағы цифрланған оқулықтар және Power Point бағдарламасындағы презентация түріндегі оқулықтар оқулықтың электронды нұсқасы болып табылады.

6.3 Электрондық оқулық - бұл баспа нұсқасының мазмұнын электронды түрге аудару ғана емес, сонымен қатар оқулықты интерактивті компоненттермен толықтыру: бейнелер, иллюстрациялар, ойындар.

6.4 Электрондық оқулықтарға арналған штрифтер мен кегльдер стандартталған және осы нұсқаулықтың 7-бөлімінде келтірілген, түрлі-түсті гамма және ұстамды, жайлы рең ұсынылады.

6.5 Электрондық оқу басылымы:

- қазіргі ғылыми деңгейге сәйкес келу, білім алушылардың оқу процесінің мақсаттары мен міндеттерінде көзделген білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды шығармашылық және белсенді меңгеруін қамтамасыз ету;

- техникалық орындау мен көркемдік безендірудің жоғары деңгейімен, ақпараттың толықтығымен, әдістемелік әдістердің сапасымен, көрнекілігімен, оқу материалын ұсынудың қисындылығымен және жүйелілігімен ерекшелену.

6.6 «ОҚМА» АҚ-да құрылатын электрондық оқу басылымдары «ОҚМА» АҚ-ның білім алушылары мен қызметкерлері пайдаланушылары болып табылатын оқу процесінің бағдарламалық-ақпараттық құралдарына жатады.

Электрондық оқу басылымының мазмұны мен көлеміне қарамастан, пайдаланушылардың оған қойылатын негізгі үш талабын ажыратуға болады: мазмұнның сәйкестігі ұсыну формасының тиімділігі, экономикалық тиімділік.

Мазмұнның жеткіліктілігі мынаны білдіреді:

- мемлекеттік білім беру стандартына сәйкестігі;
- пәнді (пән бөлімін) меңгеру үшін жеткілікті оқу материалын ұсынудың толықтығы;

- оқытудың әртүрлі нысандарын қолдау (сырттай, күндізгі, күндізгі-сырттай, жеке және ұжымдық, қашықтықтан);

- оқу сабақтарының әртүрлі түрлерін қолдау (теориялық материалды зерттеу, практикалық және зертханалық жұмыстар);

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 13- беті

- білімді бақылаудың әртүрлі формаларын қолдау (аралық, қорытынды, өзін-өзі бақылау);

- ғылым мен техникадағы жаңа үрдістерді есепке алу.

Ақпаратты ұсыну формасының тиімділігі қолданудың қарапайымдылығы мен ыңғайлылығы, эргономика, білім алушының белсенділігін қолдау, оқытушымен және курстастарымен қарым-қатынасты қамтамасыз ету сияқты талаптарды қамтиды.

Оқыту жүйесінің экономикалық тиімділігі көбінесе электрондық оқу басылымының ұзақ қызмет ету мерзімі, пайдалану процесінде модернизациялау мүмкіндігі, қажетті техникалық және жүйелік құралдардың ақылға қонымды конфигурациясы сияқты қасиеттеріне байланысты.

6.7 Электрондық оқу басылымдарын әзірлеу үшін World Wide Web ғаламдық ақпараттық жүйесінде жалпы қабылданған гипермедиа құралдарын (гипермәтін механизмін мультимедиялық құралдармен үйлестіру деп аталады) оқу мақсатында іске асыруға мүмкіндік беретін, таным процесін жандандыруға ықпал ететін және мүмкіндік беретін бағдарламалық-аспаптық құралдарды қолданған жөн:

- визуалды және дыбыстық, логикалық және бейнелі жадты пайдалану;
- оқу процесінде оқушының белсенділігін бастау;
- зерттелетін тақырыптар арасындағы тікелей байланысты ұйымдастыру;
- электронды оқу басылымының құрамына бақылау мен өзін-өзі бақылауды енгізу;
- электронды оқу басылымын оқытушы мен білім алушы арасындағы сарапашы ретінде ұсыну.

6.8 Электрондық оқу басылымын дайындау тек лицензияланған бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып жүргізіледі.

7 ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕРДІ ДАЙЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 Оқу-әдістемелік әдебиеттің құрылымы:

- 1) Титул парағы;
- 2) Шығу деректері;
- 3) Қысқартулар тізбесі;
- 4) Мазмұны;
- 5) Кіріспе;
- 6) Негізгі бөлім;
- 7) Қорытынды;
- 8) Тест тапсырмалары;
- 9) ГОСТ 7.1-2003 сәйкес жасалған библиографиялық тізім ("Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама")/сілтемелер.

7.1.1 *Титул парағында* келесі атрибуттар болуы керек

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 14- беті

(А ҚОСЫМШАСЫ):

- жоғары тұрған ұйымның атауы (Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі/Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі), әзірлеушінің ұйымының атауы,

- төменде автордың/авторлардың аты-жөні мен тегі келтіріледі;

- тақырыпта басылымның атауы, ал субтитрде оқу әдебиетінің түрі (оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал және т.б.) көрсетіледі;

- титул парағының төменгі жағында қала мен шыққан жылы көрсетіледі. Мұқаба парағы құжат беттерінің жалпы нөмірленуіне кіреді. Титулдық параққа бет нөмірі қойылмайды.

7.1.2 Титул парағының артқы жағында шығыс деректері көрсетіледі. Нәтижелер мыналарды қамтиды (Б ҚОСЫМШАСЫ):

- жіктеу индекстері (УДК индексі жоғарғы сол жақ бұрышта бөлек жолмен, оның астына ББК индексі қойылады және оларды оң жақ бұрышта аннотацияның астына қайта орналастырады);

- библиографиялық сипаттама;

- рецензенттер туралы мәліметтерге рецензенттердің аты-жөні мен тегі, олардың ғылыми/академиялық дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы және ол жұмыс істейтін ұйым кіреді;

- аннотация (басылымның тақырыптық мазмұнының қысқаша сипаттамасы, оның мақсаты мен оқырман мекен-жайы, оның артықшылықтары мен ерекшеліктері туралы ақпарат береді; ГОСТ 7.1-2003 талаптарына сәйкес құрастырады және ресімдейді);

- ISBN кітап өнімдерін халықаралық стандарттау белгісі және тиісті нөмір (ISBN белгісі, авторлық құқық белгісі © (copyright)) төменгі сол жақ бұрышқа орналастырылады.

7.1.3 *Қысқартулар тізімі.* Қысқартулар, шартты белгілер, таңбалар алфавиттік ретпен жеке бетте тізім түрінде ұсынылады. Мәтінде бірінші рет қолданылатын қысқартулар толығымен жазылады, ал жақшада шартты қысқарту беріледі. Жұмыс қысқартулармен шамадан тыс жүктелмеуі керек.

7.1.4 *Мазмұны* оқырманға оқу басылымында белгілі бір материалды табуға мүмкіндік береді, ол оқу басылымының құрылымы мен оның проблемалары туралы түсінік береді. Оқу басылымдары үшін мәтіннің мынадай ұйымы жалпы қабылданған: бөлім, бөлімше, тарау, параграф, кіші параграф (тақырыптар қысқа және қысқа болуы тиіс, ал ресімдеу тез іздеуге ықпал етуі тиіс; мазмұндағы бөлімдер мен тараулардың атауы беттердің нөмірін көрсете отырып, мәтіндегі олардың атауларына сәйкес келуі тиіс).

7.1.5 *Кіріспе.* Кіріспеде ұсынылған оқу әдебиетінің өзектілігі мен жаңалығы, мақсаты мен негізгі міндеттері көрсетілуі керек.

7.1.6 *Негізгі бөлім.* Жұмыс мазмұны оның атауына сәйкес келуі тиіс. Оқу әдебиеттерін жазу кезінде жалпы тұжырымдамалық аппарат, бірыңғай терминология, жалпы қабылданған белгілер (анатомиялық номенклатурасы,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 15- беті

СИ бірліктерінің халықаралық жүйесі, дәрілік заттардың халықаралық атаулары және т.б.) қолданылады.

ОӘӘ-тегі ақпарат дәрілік заттар мен медициналық техниканы өндірушілерден тәуелсіз болуға тиіс. Дәрілік препараттың бір коммерциялық атауын көрсетуге жол берілмейді.

Негізгі бөліктің материалы баяндалған тақырып бойынша жаңа толық деректерді қамтуы, дәлелді медицина қағидаттарына сәйкес келуі тиіс.

Негізгі бөлімде диссертациялық жұмыстың, рефераттың немесе ғылыми мақаланың құрылымдық элементтері болмауы керек (зерттеу материалдары мен әдістері, өз нәтижелерін талқылау және т.б.).

Мәтінді теру кезінде келесідей ережелерді сақтау қажет: беттің айналы болуы (поля зеркальные), сол жағы - 3 см, оң жағы - 1 см, жоғары, төменгі жағы - 2 см, жола аралық интервал -бір, әріп (шрифт) өлшемі -14 (KZ Times New Roman-қазақ тілінде, Times New Roman-орыс тілінде), көмекші шрифт - қазақ және орыс тілдерінде-12. Суреттер, кестелер, сызбалар мәтін барысы бойынша орналастырылады, нөмірленуі тиіс және мәтінге оларға сілтеме берілуі тиіс. «ОҚМА» АҚ құжатталған ақпараттарын рәсімдеу Е 272-2025 Ережесінің тармақтарына сәйкес құжатталған ақпаратты рәсімдеуге қойылатын талаптарды сақтау қажет.

7.1.7 *Қорытынды* ұсынылған оқу әдебиетінің құндылығын дәлелдейтін тұжырымдар болуы тиіс.

7.1.8 *Тест тапсырмалары*: тест тапсырмалары немесе ситуациялық тапсырмалар "ОҚМА" АҚ-ның тест тапсырмаларын әзірлеу жөніндегі Сараптау комиссиясы қоятын талаптарға сәйкес әзірленеді. Оқу құралындағы тест тапсырмаларының және/немесе ситуациялық тапсырмалардың саны 30-дан кем болмауы тиіс. Дұрыс жауаптардың нұсқалары бөлек параққа орналастырылады.

7.1.9 *Библиографиялық тізім*: әдеби дереккөздер авторларының тегі, аты-жөні мәтінде көрсетілмеген, олар әдебиеттер тізімінде ұсынылуы тиіс.

Әдеби дереккөздердің реттік нөмірлері авторлардың тегі, аты-жөні, библиографиялық дереккөз, жарияланған жылы, беттер саны көрсетіле отырып, оларды ОӘӘ-ін пайдалану шамасына қарай орналастырылады. Әдеби дереккөздердің саны 10 жыл бұрынғыдан ескі емес (ағымдағы күнтізбелік жылды есепке алмағанда) кемінде 5 негізгі және 10 қосымша болуға тиіс.

7.2 Оқу әдебиетінің баспа парақтарының көлемі курстың ерекшелігін, оның білім беру үдерісіндегі орны мен мәнін ескере отырып, үлгілік оқу жоспарына сәйкес пәндерді оқуға бөлінетін сағат санына (оқу уақытына) байланысты айқындалады, ОӘӘ жекелеген түрлерінің көлемі (А4 форматындағы машинкамен басылған мәтін беттерінде):

- 1) әдістемелік ұсынымдар үшін-кемінде 2 баспа парағы;
- 2) оқу/оқу-әдістемелік құралдар үшін - кемінде 4 баспа парағы;
- 3) оқулықтар үшін - кемінде 6,25 баспа парағы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық	Е 430-2026	
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 16- беті

Мәтін беттерін нөмірлеу айналы (зеркальная) немесе орталықтан.

8 ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ БАСЫЛЫМДАРЫН ДАЙЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

8.1 Электрондық оқу басылымдарына қойылатын талаптар:

8.1.1 Құрылымдылығы - электрондық оқу басылымының нақты құрылымы болуы тиіс: титулдық бет, мазмұн кестесі, негізгі мәтін, дереккөздер тізімі, қосымшалар (қажет болған жағдайда). Навигацияны жеңілдету үшін ақпарат бөлімдерге, тарауларға, абзацтарға бөлінуі керек.

8.1.2 Қол жетімділік - мәтін мен графикалық элементтер экранның әртүрлі өлшемдері бар құрылғыларда оқылуы керек; басылымның барлық элементтері (графиктер, кестелер, диаграммалар) қосымша түсіндірмесіз түсінікті болуы керек.

8.1.3 Әмбебаптық - басылым форматы негізгі операциялық жүйелермен және бағдарламалық жасақтамамен үйлесімді болуы керек; пайдаланылатын файлдарда (мәтін, суреттер, мультимедиа) стандартты форматтар болуы керек.

8.1.4 Көрнекі безендіру - басылымның барлық кезеңінде қаріптердің, түс схемасы мен стильдердің біркелкілігі; суреттер, схемалар мен графиктер анық және сапалы болуы тиіс.

8.1.5 Функционалдылық - мазмұн кестесі мен бөлімдер мазмұнға жылдам өту үшін гиперсілтемелер болуы керек; • мәтінді оңай шарлау үшін іздеу функциясының болуы.

8.1.6 Интерактивтілік - қажет болған жағдайда мультимедиялық элементтерді (аудио, бейне) қосу; жазбаларды қосу немесе пайдаланушының мәтінді таңдау мүмкіндігі.

8.1.7 Құқықтық аспектілері - авторларды, әзірлеушілерді және пайдаланылатын материалдардың көздерін көрсету; мазмұнға авторлық және сабақтас құқықтарды сақтау.

8.2 Оқу материалының презентациясы ғылыми терминологияны қолдануы керек және түсінікті, дәл, толық және дәйекті болуы керек.

8.3 Электрондық оқу басылымының авторлары мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- оқу материалын құрамдас бөліктерге бөлудің анықтығы;
- әрбір осындай бөлікті ұсынудың тиісті нысандары мен құралдарын таңдаудың бірегейлігі;
- оқу объектілерінің жиынтығын алып тастау немесе қосымша енгізу арқылы білім алушылардың әртүрлі санаттары үшін оқу материалын іріктеудің қарапайымдылығы.

8.4 Электрондық оқу басылымдарын әзірлеу үшін World Wide Web ғаламдық ақпараттық жүйесінде жалпы қабылданған гипермедиа құралдарын (гипермәтін механизмін мультимедиялық құралдармен үйлестіру деп аталады)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 17- беті

оқу мақсатында іске асыруға мүмкіндік беретін, таным процесін жандандыруға ықпал ететін және мүмкіндік беретін бағдарламалық-аспаптық құралдарды қолданған жөн:

- визуалды және дыбыстық, логикалық және бейнелі жадты пайдалану;
- оқу процесінде білім алушының белсенділігін бастау;
- зерттелетін тақырыптар арасындағы тікелей байланысты ұйымдастыру;
- электронды оқу басылымының құрамына бақылау мен өзін-өзі бақылауды енгізу;
- электрондық оқу басылымын оқытушы мен білім алушылар арасында делдал ретінде ұсыну.

9 ОҚУ БАСЫЛЫМДАРЫН ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

9.1 Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді және оқу-әдістемелік құралдарды және қолжазба түріндегі басқа да басылымдарды дайындау ҚР МЖМБС, тиісті білім деңгейінің үлгілік оқу жоспарларына және үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

9.2 Оқу басылымдарын әзірлеуді оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі жоспарларға сәйкес профессор - оқытушылар құрамы (бұдан әрі-ПОҚ) орындайды. Қажет болған жағдайда әзірлеуге "ОҚМА" АҚ қызметкерлері, сондай-ақ бөгде ұйымдардың өкілдері тартылуы мүмкін.

9.3 Оқу басылымдарын дайындауды автор немесе авторлық ұжым ұйымдастырады.

9.4 Авторлық ұжымдар медицина және фармация саласындағы ғалымдар, педагогтар және жетекші мамандар қатарынан құрылады.

9.5 Автор, авторлық ұжым оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді, оқу-әдістемелік құралдарды дайындау бойынша өз қызметін мынадай талаптарды ескере отырып жүзеге асырады:

- 1) оқу пәні бойынша неғұрлым өзекті білімді қосу;
- 2) ұсынылған оқу және әдістемелік материалдың дұрыстығы;
- 3) білім алушылардың жас, психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке алу;
- 4) оқу материалының мазмұнының кәсіби бағыттылығы.

9.6 Ұсынылатын оқу-әдістемелік әдебиеттің сапасына автор(лар), кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларының академиялық комитеттерінің(бұдан әрі - ББ АҚ) төрағалары және рецензенттер жауапты болады.

9.7 ОӘӘ-н әзірлеуді ұйымдастыру келесі кезеңдерден тұрады:

- оқу басылымын әзірлеу;
- плагиатқа қарсы тексеру, бірегейлік 70-тен аз % болмауы керек;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 18- беті

- ЖИ контенті :жұмыстың барлық түрлерінде генеративті ЖИ-ді 20%-дан аспайтын көлемде қолдануға рұқсат етіледі;

- оқу басылымын рецензиялау;

- кафедра отырысында бекіту;

- ББ АК бекіту;

- ББ АК төрағасының ұсынысы бойынша оқу басылымын «ОҚМА» АҚ-ның Әдістемелік кеңесінде бекіту;

- ББ АК төрағасының ұсынысы бойынша оқу басылымын «ОҚМА» АҚ-ның Ғылыми кеңесінде (Академияның білім беру процесінде пайдалану үшін және республикалық оқу-әдістемелік Кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігіне (бұдан әрі - РОӘК ОӘБ) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлаудың жетекшілік ететін бағыттары бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру үшін оқу басылымдарына (оның ішінде электрондық) ұсыну үшін, білім беру үдерісінде жүйеде пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі) бекіту;

- оқу басылымын жариялау және көбейту.

9.8 ОӘӨ басылымын алдын-ала жоспарлау кафедраларда және ББ АК отырысында жүзеге асырылады. ОӘӨ түпкілікті әзірлеу ОӘӨ қалыптастыратын академияның ОӘӨ басылымының оқу жылына бекітілген жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде кафедра мен ББ АК шешімі негізінде ОӘӨ басылымының жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9.9 ОӘӨ бекіту рәсімі:

9.9.1 Оқу-әдістемелік басылым алғаш рет кафедра отырысында қаралады, оның шешімі басылымның өзектілігі және рецензенттердің кандидатуралары туралы (осы саладағы ішкі және сыртқы) ББ АК-не ұсынылады.

9.9.2 ОӘӨ тиісті салада құзыретті ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаттары), академиялық дәрежесі (философия докторы PhD, бейіні бойынша доктор) бар кемінде екі маман рецензиялауы тиіс.

9.9.3 Мемлекеттік тілде орындалған жұмыстар ЖОО-ның терминологиялық комиссиясының рецензиясы болған кезде бекітіледі.

9.9.4 Ағылшын тілінде орындалған жұмыстар тиісті салада құзыретті маманның рецензиясы болған кезде бекітіледі.

9.9.5 Кейін ОӘӨ ББ АК отырысында қаралады, онда кафедра шешімінің негізінде рецензенттерді (осы саладағы ішкі және сыртқы) бекіту туралы мәселе шешіледі.

9.9.6 ОӘӨ рецензенттерінің оң пікірін алған жағдайда кафедра отырысында қаралады, онда ОӘӨ жариялау мен көбейтудің орындылығы туралы шешім шығарылады. Кафедра отырысының шешімі ББ АК-не ұсынылады.

9.9.7 ББ АК-де рецензенттер бекітілген сәттен бастап кафедрада ОӘӨ келесі қаралғанға дейінгі уақыт кезеңі кемінде 1 айды құрауы тиіс.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 19- беті

9.9.8 ББ АК рецензенттердің оң пікірлерінің болуы туралы мәселені қарастыра отырып, "ОҚМА" АҚ Әдістемелік кеңесінің отырысында (В ҚОСЫМШАСЫ) тиісті нысанын толтыра отырып, ОӘӘ-н бекітуге ұсынады.

9.9.9 ББ АК төрағасы мен авторы Әдістемелік кеңесте ОӘӘ атынан өкілдік етеді.

9.9.10 Бекітудің барлық кезеңдері кафедра және ББ АК отырыстарының хаттамаларынан үзінділермен расталады. Хаттамалардан үзінділерде мынадай мәліметтер міндетті түрде ұсынылады:

- ОӘӘ түрі,
- атауы,
- көлемі (беттер мен баспа парақтары),
- болжамды таралым (бар болса),
- шығарылымның қайталануы бойынша басылым түрі: бірінші, толықтырылған, қайта өңделген,
- ББ, ұсынылған әдебиеттерді пайдалану болжанатын курс,
- мазмұнның өзектілігі, жаңалығы, әдістемелік тәсіл және т.б.,
- ОӘӘ мазмұнының (бағыты, жылы) ББ мазмұнына сәйкестігі,
- басылымның бірегейлігінің пайызы.

9.10 Әдістемелік кеңеске (Кеңес хатшысына) талаптар бойынша қағаз нұсқада ресімделген жұмыс макеті (қолжазба), рецензенттердің жұмыс орны бойынша мекеменің мөрімен куәландырылған рецензиялардың түпнұсқалары, кафедралар мен ББ АК отырысы хаттамаларынан тиісті үзінділер, плагиатқа қарсы анықтама беріледі.

9.11 ББ АК төрағасының сараптамалық қорытындысы үшін авторлар Әдістемелік кеңестің кезекті отырысына дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей ОӘӘ ұсынуы тиіс.

Әдістемелік кеңестің кезекті отырысына дейін 10 жұмыс күнінен кешіктіріліп ұсынылған ОӘӘ қаралмайды.

Екі рет пысықтауға бағытталған ОӘӘ бұдан әрі қаралмайды және барлық деңгейлерде қайта бекітуді талап етеді.

"ОҚМА" АҚ Әдістемелік кеңесі бекіткен ОӘӘ тек "ОҚМА" АҚ ішінде пайдалану үшін жариялауға және таратуға құқылы.

"ОҚМА" АҚ Әдістемелік кеңесінің "Ішкі пайдалану үшін қосымша әдебиет ретінде пайдалануға рұқсат етілген" шешімі келесі бес жыл ішінде жарамды.

9.12 Автор, авторлық ұжым оқу басылымы грифін алғаннан кейін кітапхана-ақпараттық орталыққа 5-10 дана көлемінде және ОӘӘ-нің электрондық нұсқасын баспа басылымы шыққан күннен бастап 10 күн мерзімде ұсынуға міндеттенеді.

9.13 Осы Ереже мынадай нысандарды қолданысқа енгізеді:

- Y 430-001-2026 бастапқы (титул) бетті рәсімдеу ҮЛГІСІ (А ҚОСЫМШАСЫ);
- Y 430-002-2026 келесі бетті рәсімдеу ҮЛГІСІ (Б ҚОСЫМШАСЫ);

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 20- беті

- Y 430-003-2026 оқу басылымының ОӘӨ талаптарына сәйкестік ҮЛГІСІ (В ҚОСЫМШАСЫ).

10 ЖАУАПКЕРШІЛІК

10.1 Осы Ереже бойынша барлық жұмыстарға Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор жетекшілік етеді.

10.2. Осы Ереженің талаптарын жұмыс жағдайында ұстап тұру және оларды енгізу үшін жауапкершілік ОӘӨ басшысына жүктеледі.

10.3 ОӘӨ әзірлеуді кафедра профессорлық-оқытушылық құрамы жүзеге асырады.

10.4 Кафедра меңгерушісі ҚР МЖМБС, ҮОБ, оқу жұмыс жоспарлары мен пәндер силлабустарының талаптарына сәйкес келетін уақтылы дайындығы мен уақтылы әзірленуі үшін дербес жауапты болады.

10.5 Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

10.6 Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

11 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

Осы Ережеге барлық өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің нормативтік актілеріне сәйкес енгізіледі, қызметтің нақты бағыттарына жауап беретін "ОҚМА" АҚ басшылығымен келісіледі және "ОҚМА"АҚ ректорымен бекітіледі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026	
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 21- беті	

Әзірлеген:

Қызметі	Тегі, аты-жөні
Оқу-әдістемелік орталық басшысы	Б.З.Долтаева

Тексерген:

Қызметі	Тегі, аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.Ә.Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев

Келісілген:

Қызметі	Тегі, аты-жөні
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	М.У.Анартаева
Комплаенс офицер	Н.А.Пернебаев

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026	
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 22- беті	

А ҚОСЫМШАСЫ

Бастапқы (титул) бетті рәсімдеу

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ

Автор (лар)
Жұмыс атауы
Оқулық, оқу-әдістемелік құрал, оқу құралы
(басылым атауы)

Қала, жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 23- беті

Б ҚОСЫМШАСЫ

Келесі бетті рәсімдеу

УДК 000.00 (автор өз кітапханасынан алады)

ББК 00.00 (автор өз кітапханасынан алады)

Г00 (автор өз кітапханасынан алады)

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

Аты-жөні, тегі - қызметі, білім беретін мекеме/ұйым, ғылым дәрежесі, атағы.

Аты-жөні, тегі - қызметі, білім беретін мекеме/ұйым, ғылым дәрежесі, атағы.

Аты-жөні, тегі - қызметі, білім беретін мекеме/ұйым, ғылым дәрежесі, атағы.

Г00 Аты-жөні, тегі. Еңбектің аты.- басылымның түрі.-қаласы.-жылы.- б.
ISBN 0000-00.00

Аннотация (еңбектің өзектілігі мен мақсатының қысқаша сипаттамасы)

УДК
ББК

«ОҚМА» АҚ Әдістемелік Кеңесінің шешімімен бекітіліп, баспаға ұсынылған

«___» _____ 20___ ж. Хаттама № ____

© Аты-жөні, тегі, жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 430-2026
"ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару тәртібі туралы Ереже		Басылым №4 24 беттің 24- беті

В ҚОСЫМШАСЫ

Оқу басылымының ОӘӨ талаптарына сәйкестік

«___» _____ 20___ ЖЫЛ.

ОӘӨ түрі: _____

Атауы: _____

Автор(лар)ы: _____

Рецензенттер: _____

Бағалау критерийлері	Сәйкестік деңгейі, ескертулер
<i>Рәсімдеу талаптарына сәйкестігі</i>	
Титул парағы, титул парағаның келесі беті	
Аннотацияда ОӘӨ қай бағытқа арналғаны туралы (ББ, деңгей, курс)	
Қысқартулар тізбесі	
Мазмұны	
Кіріспе	
Негізгі бөлім	
Қорытынды	
Тест тапсырмалар, жауаптары бөлек бетте	
Қолданылатын әдебиеттер тізімі	
Суреттер мен кестелер	
Сілтемелер	
Ұйымдастыру кезеңдері (хаттамалар, рецензия, т.б.)	
<i>Мазмұны бойынша сәйкестік</i>	
Мәтіннің бірегейлігін тексеру нәтижелері	%
Мазмұнның ОӘӨ атауына және оның жеке бөлімдеріне сәйкестігі	

Ескерту: _____

Сараптамалық

қорытынды: _____

АК төрағасы: _____ (Т.А.Ж.) _____ (қолы)

Өңдеуші: _____ (Т.А.Ж.) таныстым _____ (қолы)

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Долтаева Бибигуль Зайдуллаевна	Разработано	02.06.2026, 11:28:13	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	02.06.2026, 11:36:51	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	02.06.2026, 11:43:20	Без замечаний	
Анартаева Мария Уласбековна	Согласовано	02.06.2026, 15:04:30	Без замечаний	
Пернебаев Нургали Алиханович	Согласовано	02.06.2026, 12:02:59	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	02.06.2026, 15:10:40	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	02.06.2026, 15:10:42	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556

